***Веренка ЖНББМ***
***6 « А» сыныбындағы тәрбие жұмысының***
***2024-2025 оқу жылының жылдық қорытынды есебі***

2024-2025 жылдың тәрбие жоспары «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» негізделген. Бұл бағдарламада негізгі тәуелсіздік және отаншылдық ,бірлік және ынтымақ,әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық құндылықтары қарастырылған. Ұлттық құндылықтар бойынша ұйымдастырылған жылдық жоспарға сәйкес іс-шаралар өз уақытында өткізіліп отырылды.

Атап айтқанда 1-тоқсанда , 1 қыркүйек – «Білім күні» «Менің Отаным-Қазақстан», «Мен және менің отбасым», «Мамандықтар әлемі», «Еңбек түбі-береке», «Еңбекпен жетістікке жеткендер» тәрбие сағаттары өткізілді. «Тәуелсіздік жемісі арайлап атқан таңдарым», «Тәуелсіздік туралы шығармалар» тақыбында оқушылар эссе жазды.

Білім алушылардың бойында адалдық, әділдік, парасаттылық, жауапкершілік сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту, дұрыс өмірлік ұстаным мен мінез-құлықты тәрбиелеу мақсатында 5-6 сынып оқушыларына "Адалдық сағаты" өткізілді.

**https://www.instagram.com/reel/DIvTN-7I2lR/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==**

Сыныпта 7 оқушы бар. Соның екеуі ұл бала , бесуі қыз бала.Сыныпта аз қамтылған , толық емес отбасы жоқ. Бес отбасы көп балалы отбасылар қатарына жатады.

Дарынды оқушылармен жұмыс жоспары бойынша дарынды оқушылар іріктеліп алынды.Оқушылар сынып сағаттарымен қатар кластан тыс шараларға да белсене қатысты.

"Бірінғай өрт қауіпсіздігі күні" тақырыбында 5-6 "А" сынып оқушыларына тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін қалыптастырып, қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге үйрету. Өрттен сақтану, өртті болдырмау туралы түсініктер беру.

https://www.instagram.com/reel/DGDPkWeInzn/?utm_source=ig_web_copy_link

"Балалар кітапханасы" және " Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында отбасылық оқуды қолдау мақсатында "Біз таңдаған кітаптар" акциясы ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/reel/DIk8bezIX68/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Жаңа жылдық мерекелік іс-шараға 6 сынып оқушылары әсем би билеп, ән айтып өз өнерлерін көрсетті.

**https://www.instagram.com/reel/DEI_wE7IAi4/?utm_source=ig_web_copy_link**

Ата-аналармен жұмыстар жүргізілді, сабақ барысында үлгерімі төмен оқушылардың ата-аналарын шақырып ескерту жасалды. Үйін аралап АКТ толтырылып тұрмыстық жағдайы тексерілді. Тоқсанды қорытындылап ата-аналар жиналысы жасалды.

2-ші тоқсанда өткізілген сынып сағаттары: «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс», «Қазақтың теңгесі» , «Әділдік пен жауапкершілік – егіз ұғым», «Әділ болуға өзінді қалыптастыр, шындықты айтып үйрен» ,«Ынтымақ, бірлік, келісім – ең асыл байлық ел үшін», «Бірлік түбі-береке». «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы жүргізілді.

II жартыжылдықта оқушылармен өткізілген тәрбие сағаттары: «Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!», «Заңдылық және құқықтық тәртіп», «Заң- тәртіп пен әділеттіліктің негізі», «Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны», «Буллингтен қорған!», «Жасампаздық пен жаңашылдық рухтың жаршысы», «Алғыс – ізгі ниет», «Мен елімнің ертеңімін», «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні», «Біз таңдаған кітаптар», «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана», «Біз әртүрліміз, бір теңбіз», «Бұл өмірдің мәні – сенсің, қымбатты досым», «Ынтымақ, Бірлік, Келісім – баянды бақыт ел үшін!», «Білімім – Отаныма!».

1 сәуір – «Халықаралық құстар күні» мерекесіне орай мектебіміздің 6-8 сынып ұлдарымен бірге құстарға ұя жасап, оны мектеп ауласындағы ағашқа ілді.Шара барысында білім алушыларға құстардың табиғаттағы маңызы түсіндіріліп, оларды қорғау қажеттілігі айтылды.

https://www.instagram.com/p/DH7oVJPIdyB/?utm_source=ig_web_copy_link

Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай "Оқуға құштар мектеп" жабасын жүзеге асыру, Абай оқуларын дәріптеу мақсатында мектебімізде мектебізде өткізілген іс-шарада Утеулиева Нұрайым, Абилкасимова Жания өз өлеңдерін оқыды.

https://www.instagram.com/reel/DIyiKozobRD/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне Аналарымызға мерекелік кеш ұйымдастырдық. Концертте оқушылар өз номерлерін дайындады,би биледі күй шертті.

https://www.instagram.com/reel/DHGG_qFonQY/?utm_source=ig_web_copy_link

Наурыз мерекесіне орай оқушылар көрініс қойды.Алданыш Аружан «Сарыжайлау» әнін домбырамен орындады.

https://www.instagram.com/reel/DHh-spnovpU/?utm_source=ig_web_copy_link

1 мамыр- Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай мектеп парламенті “Бір шаңырақ астында” атты челлендж ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/reel/DJBqTg1IvDq/?utm_source=ig_web_copy_link

2024-2026 жылдарға арналған су үнемдеу жөніндегі Жол картасының шеңберінде суға ұқыпты қарау және оны насихаттау бойынша мектеп

оқушыларына су үнемдеу мәдениетін тәрбиелеу бойынша 5-6 "А" сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/DIk-djHorBA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

7 мамыр Отан қорғаушылар күніне мектепшілік мерекелік кеште қыздар «Қамажай»әнін айтып би биледі .

"Балалар кітапханасы" және "Оқуға құштар мектеп" аясында Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына орай "Ерліктің жарқын беттері" челленджі ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/reel/DJivjQIooA7/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ!» Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында "Ер есімі - ел есінде" атты Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған 5-6 сынып оқушыларына тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Ұлы Жеңісті дәріптеу, өз Отанын, елін, туған жерін сүю, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, Отанын, туған елін қорғай білуге тәрбиелеу. Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен ата – бабаларымыздың ерлік істерін қастерлеп, рухын көтеру, үлгі- өнеге тұту. Ерлік ешқашан ұмытылмайды, есімізде мәңгі сақталады!

https://www.instagram.com/reel/DJZ16Z6oMVD/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Эстетикалық пәндер бірлестігінің "Өнері мен спорты дамыған елдің өресі кең" атты апталығының жоспарына сай және де "Жеңістің 80 жылдығы" аясында патриоттық әндерден мектепішілік 2 жұлдыз байқауы ұйымдастырылды.6 сынып оқушысы Амангелді Ернұр мен Жалгасбаев Нуртас III орын иеленді « Бейбіт күн тілегі!» әні.

https://www.instagram.com/reel/DJSRT-VIvfH/?utm_source=ig_web_copy_link

23 мамыр «Білімім-Отаныма» атты сынып сағатымыз өтіп,оқу жылы қорытындыланды.Үздік оқушылар мен екпінділер марапатталды.
Ата-аналармен класс жиналысы өткізіліп, оқушылардың тоқсандық бағаларымен таныстырылды, оқушылардың тәртібі және сабақ үлгерімі айтылып өтілді.Оқушылардың жазғы демалысындағы өмір қауіпсіздігіне ата-анасы жауапты екені ескеріліп,өмір қауіпсіздігі парағына қол қойылды.

Класс жетекші: Матаева А.Б.